




Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы

Кітапханалық - ақпараттық орталығы

**КІТАП ӘЛЕМІ: “БАЛАЛЫҚТАН – ДАНАЛЫҚҚА”**

**ТАҚЫРЫБЫНА ВИРТУАЛДЫ КӨРМЕ**



***“Өзінің биік, таза  
рухани қасиетімен  
Кітап мәдениет пен  
руханиятты қорғауда  
теңдесі жоқ қару болып  
табылады. Кітап  
адамзат баласына  
ағарту һәм білім  
сыйлады”***

***Нұрсұлтан Назарбаев***

***КІТАП ОҚЫҢЫЗ!***


Әдебиет – адам жанын тәрбиелейтін бірден-бір пән. Оның жастарды тәрбиелеуде атқаратын үлкен рөлін әр замандағы ел билеушілері жетік түсінгенін тарихтан көруге болады. Еліміздің тарихында хандық құрып, даңқымызды көкке шарпып тұрғандағы әдебиет пен кейінгі бодандыққа енгендегі әдебиетімізге көз жүгіртсек, көп нәрсе түсінікті бола бастайды. Қазақтың даңқты тұлғалары «Ләйлі-Мәжнүн», «Қозы Көрпеш- Баян Сұлу», «Қыз Жібек», «Алпамыс», «Қобыланды» сынды мәңгі жыр-дастандарды бойына сіңіріп өсіп, осы күнгі ауыз толтырып айтарлықтай бай мәдениет пен тарихты жасады. Ол жерде қазақтың азат болмысынан сыр шертетін боямасыз дүниелер тұрғаны сүйсіндіреді. Шығармалардың әр жолы ғибаратқа толы, өн бойы тұнық маржандай кіршіксіз. Сонысымен де олар ғасырдан- ғасырларға жалғасар классикалық туындылар. Еш пенде араласпаған, пендешіліктің көлеңкесі түспеген, шынайы қоғамдық өмірдің қырларын бейне бір сұлу өрнектей қалдырып кеткен сол туындылар авторлары қазақтың әлемдік бәсекелеске татитын мәдениетінің бар екенін бізге жеткізді.



*Оқу талмай, түй санаңа, жас ұлан,  
Сыр құямын, жыр құямын санаңа.  
Білім – қару, білім керек адамға,  
Ал білімді мен құямын санаңа.*

*(Халық даналығы)*






**84 (5Қаз)**

**Ә 55**

Әлімқұлов Т.

Тұлпардың тағдыры. Әңгімелер - Алматы: Атамұра, 2006 - 224бет.

Т.Әлімқұловтың өнер болмысының күрделі иірімін, қилы тағдырға толы өнер адамдарының қилы шығармашылық тұлғасын шынайы суреттеген «Ақ боз ат» (1962), «Сейтек сарыны» (1966), «Кертолғау» (1973), «Тұлпардың тағдыры» (1975) сынды прозалық, «Бозжорға» (1969) т.б. поэзиялық жинақтарына енген туындыларының да ұлттық әдебиеттегі тұғыры биік. Жинаққа қазақтың аса дарынды қаламгері, ешкімге ұқсамас өз үні, ешкімді қайталамас өзіндік жазу ерекшелігі бар жазушының уақыт керуені қаншалықты алға жылжыса да, өзінің мән-маңызын бір мысқал да төмендетпес өнер туралы және халқымыздың болмысының өзіндей жылқы түлігі туралы әңгімелері енгізіліп отыр. Жинақ қалың оқырманға арналған.



**84 (5Қаз)**

**А 93**

**Тахауи Ахтанов Қаһарлы күндер.** Роман. - Алматы: Атамұра, 2003. - 384 бет.

Белгілі жазушы Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы Ұлы Отан соғысына арналған. Москва түбіндегі үлкен айқас сахнасы, даңқты генерал Панфиловтың сегізінші гвардия дивизиясының ерлігі, табандылығы осы романда көркем суреттеледі. Төрт тараудан тұратын үлкен романның негізгі идеясы сыртқы жаудан Отанды қорғау. Осы идея романдағы барлық кейіпкерлерді қимылға келтіріп соғысқа араластырып отырады. Романда, әсіресе кейіпкерлер әрекеттерінің психологиялық дәлелденуі, образдардың ұлттық даралығы ерекше танылады. Кітап қалың оқырман қауымға арналған.





**84 (5Каз)**

**АЗІ**

**Айбергенов Т.**

**Мен саған ғашық едім:**

Өлеңдер. - Алматы: Раритет,  
2005. -192 бет.- «Алтын қор»  
кітапханасы.

Өткен ғасырдағы (XX) ершіл де асқақ, ең рухты поэзия көрнекті өкілдерінің бірегейі болып қалған акынның бұлағай бұлттай, тасыған теңіздей, ағыл-тегіл нөсердей өлеңдері топталған, бұл жинағы жырсүйер қауым жата-жастанып оқитын ырысты басылым. Мөлдір махаббатқа толы өлеңі «Мен саған ғашық едім», 1970 жылы жазылған. Адам жанының қуанышы мен сүйініші де, шаттығы мен қайғысы да, сүйіспеншілік сырлары да ақын жырларында алуан қырынан көрінеді. Төлеген өлеңдерінде өмірге деген құштарлық, пәк сезім, шынайы махаббат иесін анық ете түседі.



**84 (5Каз)**

**Б17**

**Байтұрсынұлы А. Маса:**

Өлендер мен көсемсөздер. -

Алматы: Раритет, 2005. -208 бет. -

«Алтын қор» кітапханасы.

Қазақтың жерін ғана алып қоймай, ой-санасын да отарлауға айналған патшалық озбырлық пен большевиктік қызыл қырғын кезеңдерде әдебиет пен саясат майданында қажымас қайратпен халқына қапысыз еңбек етіп, ұлттық сананы қалыптастырған Ахмет Байтұрсынұлындай ұлы тұлға бұрынғы - соңғы ұзақ тарихымызда сирек. Ұсынылып отырған кітаптағы Ұлт Ұстазының ешқашан ескірмес елшілдік сөздері қазір де көкейкесті. Жинақ бұған дейін жарық көрген басылымдармен салыстырылып, кезінде кеткен мәтіндік қателер түзетілді.



**84(5Каз)**

**К28**

**Кекілбаев Ә. Махаббат мұнарасы:**

Роман және хикаят. - Алматы:

Раритет, 2005. - 288 бет. -«Алтын қор» кітапханасы.

Кезінде журналдық алғашқы нұсқасы «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарияланған, керемет ойшылдықтың кемел сатысына көтерілген бұл романда адам жанының алуан иірімдері, терең психологиясы, ішкі драмалық коллизиясы арқылы автордың көркемдік-философиялық тұжырымдамасы барынша толық танылады. Роман төрт бөлімнен тұрады. Шығарманың кейіпкерлері бар болғаны үшеу. Әмірші, Кіші ханым және шебер. Ұлы ханым, күтуші кемпір, бас шебер, Ахмет саудагерлер осы негізгі басты үш бейнені ашу үшін алынған. Бөлім аттары; «Қызыл алма», «Мұнара», «Махаббат», «Аңыздың ақыры». Кітапқа, сондай-ақ, қаламгердің «Күй» аталатын хикаяты да енгізілген.





**84 (5Каз)**

**Н86**

**Нұрманов А. Құланның ажалы:**

Роман.-Алматы: Раритет, 2005. -

224 бет. - «Алтын қор»

кітапханасы.

А.Нұрманов дара қолтаңбасы, өз стилі бар жазушы болатын. Мұны ұсынылып отырған романынан анық танысыздар. “Құланның ажалы” үлкен символикалық атау. Жапанда жортқан жалғыз батыр, соның үнсіз тұншыққан қуаныш-мұңы, меңіреу сары дала, үміт пен күдік арпалысы – романға желі боп тартылған қайталанып бейнеленген әуендері. Адамның жеке басының қасиеті қай уақытта артады, ерлік, қаһармандық сыры неде, бауырмалдық пен жат жұрт дұшпандықтың түп-төркіні қайда жатыр, осыған да Ақан бірсыдырғы байсалды жауап береді. Романда оқиға аз, тіпті жоқ деуге болады. Кешегі он алтыншы жылдың дүрмегіне қатысқан, өзі оны ұйымдастырушылардың бірі Құлاناتты мерген.



**84 (5 Каз)**

**C28**

**Сәрсенбаев Ә. Ақша бұлт:**

Өлеңдер мен балладалар. -

Алматы: Раритет, 2005. -240 бет. -

«Алтын қор» кітапханасы.

Абыз ақынның бұл жинағы, негізінен, Ұлы Жеңістің 60 жылдығын кеше ғана арлы адамзат жұрты атап өткен қанды қасап соғыс даласында жүріп жазған өлеңдері мен балладаларынан түзілді. Кезінде майданнан ескен жаңа лептей ақ сезімді ақтарған «Ақша бұлттан» қазақ лирикасындағы ақ пейілді, бауырмал жүректі Әбудария ағысы басталады. Расында “Ақша бұлт” – махаббат, сағыныш жолындағы адам жүрегінің қыл пернесі. Оқырмандар сезімін, жан толқының, жан сырын жеткізеді.



**84 (5 Кир)**

**А 32**


**Айтматов Шыңғыс.**

**Боранды бекет (Ғасырдан да ұзақ күн). Жәмила. Құс жолы. Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет.**

Астана: Аударма, 2005. - 504 бет.

Әлем әдебиетінің көрнекті өкілі Шыңғыс Айтматов әдебиет әлемінде ойып орын алатын тұлға екені даусыз. Бұл кітапқа оқырмандардың ыстық ықыласына бөленген атақты шығармаларының бірнешеуі топтастырылды. «Боранды бекет (Ғасырдан да ұзақ күн)», «Жан пида» романдары, «Ботагөз», «Ерте келген тырналар», «Жәмила», «Жер-ана», «Қош бол Гүлсары!», «Ақ кеме» повестері, «Көктемдегі кездесу» драмасы, «Қызыл алма», «Атадан қалған тұяқ» т.б. көптеген әңгімелері әлем тілдеріне аударылып, оқырмандар сүйіп оқитын дүниеге айналды.





84 Фр

Б 23

**Бальзак Оноре.**

**Жергілікті дәрігер. Шегірен**

**былғары. Романдар. Астана:**

**Аударма, 2005. - 520 бет.**

Бальзактың бұл томға енгізілген екі романы-елімізде жүзеге асырылып жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көріп отыр. Шығарманың екеуі де француз жазушысының әдеби мұрасында елеулі орын алатын автордың өзі кезінде зор мән берген көрнекті туындылар. «Жергілікті дәрігер» атты бірінші шығарманың басты кейіпкері-тақырыбынан көрініп тұрғандай, дәрігер. Өмірін селендік жерде еңбек етіп, ел ішінде халыққа қызмет көрсетуге арналған маманның іс-әрекеттері жайындағы шығарма. «Шегірен былғары» қазақ оқырмандарына ертеден таныс шығарма.



**84 (5Каз)**

**С63**

**Соқпақбаев Б. Балалық шаққа**

**саяхат: Хикаяттар.** - Алматы:

Раритет, 2005. - 320 бет. - «Алтын қор» кітапханасы.

Ұсынылып отырған кітап атын иеленген кісінің хикаятта жетім баланың жетілу жолы, мектептегі - құлқының қалыптасуы, арман-тілегі суреттелген. Жасынан өмір талқысын көрген адамның өмірбаяндық деректері мен оның шығармаларына арқау болды. Ол өзі көргендері мен сезінген дүниесін 30-жылдардағы ауылдың ауыр тұрмысы мен Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі ауыр кезеңнің шындығына сәйкес жаңартып, өзі өткізіп, типтік орта шындығын бейнелер арқылы аша білдірді.



#### 84.4 (Қаз7)

Д79

Дулатов М. **Оян, қазақ!** Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. Алматы: Атамұра, 2003. - 192 бет.

Аса көрнекті ақын, жазушы, драматург, педагог, публицист, аудармашы Міржақып Дулатов қазақ халқының арман-мүддесін терең түсіне біліп, қазақ қоғамында жаңадан өрістеп келе жатқан демократияшыл идеялардың жаршысы болды. Адамзатты ескіліктен, мешеуліктен, зорлық зомбылықтан, қанау мен езуден құтқаратын күшті құрал - оқу білім, өнер-ғылым, адал еңбек, әділдік пен адамгершілік мәселелерін көтерген «Оян, қазақ!» жыр кітабы бірден қазақ елінің ұранына айналды. Ақынның көңіл күй лирикалары да саяси-әлеуметті мәселелерді қозғады. Жинақ көпшілік оқырманға арналған.






84 (5Каз)

С 63

Соқпақбаев Бердібек **Менің атым Қожа**. Повестер.- Алматы: "Атамұра", 2003,- 304 бет.

Балалардың сүйікті жазушысы «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың, Гауһар» және «Ергежейлілер елі» сынды бірқатар әңгіме, хикаялар жазған. Балалардың бал мінезін ішкі дүниесімен жақсы сезіне білген жазушы, әрбір шығармасында өзі туып өскен Нарынқол таулы өңір табиғатының жанды суреттерін оқырманға үлкен шеберлікпен жеткізе білген. Көрнекті балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың бұл кітабына "Менің атым Қожа", "Балалық шаққа саяхат" атты оқырман қауым арасына кең тараған екі повесі еніп отыр. Бұларда ауыл өмірі, ауыл балаларының мінез-құлық, арман-мақсаты шынайы да шырайлы бейнеленген.



**84(2Рос-Қаз)**

**Ч52**

**Чехов Антон. Жуан мен жіңішке.**

Әңгімелер. - Астана:

Аударма, 2011. - 344 бет.

Антон Павлович - орыс жазушысы, әңгімелер, повестер, пьесалар авторы. Драматург, әлемдегі ең ұлы жазушылардың бірі деп танылған. Әлем драматургиясының классикасы болған төрт шығарма жазған. Ол қысқа мысалдар жазушысы ретінде әдебиетте танымалы. Чехов драматург ретінде де көптеген пьесалар жазған. “Жуан мен жіңішке” кітабында күлкілі элемент басым. Шындығында қарапайым болып көрінетін шығармалар күрделі, олар сарқылмастық сезімін, келісімнің жоқтығын қалдырады. Әңгіме реңкі әдетте лирикалық мысқылға негізделген.



**84(2Рос-Қаз)**

**Б84**

**Бунин Иван.**

**Арсеньевтің өмірі.** Роман. **Антон алмасы.** Әңгімелер. / Орыс тілінен аударған Қ.Ысқақ. Астана: Аударма, 2011. - 456 бет.

Бунин Иван Алексеевич - орыс жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты (1933). “Күзгі жапырақтар” жинағы үшін 1901 жылы Ресей Ғылым академиясының А.С.Пушкин атындағы сыйлығын алды. “Антонов алмасы” (1900), “Қарағайлар” (1901), “Жаңа жол” (1901) атты шығармалар жинағын да оқырман қауым жылы қабылдаған. 1930 жылы Иван Алексеевич «Құстың көлеңкесі» повесін жазды және эмиграцияда жасалған ең маңызды туындысы «Арсеньевтің өмірі» романын аяқтады. Романда басты кейіпкердің басынан өткен оқиғалары суреттеледі.





**84(2Рос-Қаз)**

**Н66**


**Набоков Владимир**

**Машенька. Лужин қорғанысы.**

*Романдар. / Орыс тілінен аударған  
Т.Медетбек. Астана: Аударма, 2011.*

- 344 бет.

Владимир Набоков - көрнекті жазушы. Сонымен қатар, ол ақын, әдебиеттанушы, энтолог, аудармашы және мұғалім болды. Набоков – бүкіл әлемдік деңгейдегі орыс және ағылшын тілді әдебиеттің жарқын өкілі, айрықша көркем әлем жасаушы, қайталанбайтын стилист. “Машенька» Қыздың бейнесі мен оның күйеуі, олар шынайы қарым-қатынасы, бірінші махаббат жайында жазылған. Өзінің шығармашылық қуатының сиқырымен адам жанын баурап алатын оның дарыны, қандай да бір болмасын әлемдік масштабтағы ұлы тұлғалардың арасында оның өзіне тән үні де, өзіне тән тілі де, ешқандай көмескіленіп қалмай бірден танылып, бірден көзге түседі.



**84(5Кит-Қаз)**

**Ц12**


**Цзинь Ба. Ызғарлы түн. Роман.**

/Орыс тілінен аударған Қ.Сақ. -

Астана: Аударма, 2011. - 344 бет.

**Ба Цзинь** - қытай жазушысы, аудармашы. 1985-2005 жылдарда Қытай Жазушылар одағының мүшесі. Он миллион не одан да көп иероглифтермен 26 томдық еңбек жазған. Өзге тілдерден 10 томға жуық туындыларды аударған.

Ба Цзинь кіршіксіз таза, жалынды сезім мен адамзат баласының киелі қасиетіне деген сенімге толы шығармаларын «жарқын өмірге сүйіспеншілік сыйлап, түнекті жек көруге итермелеу үшін» жалпы оқырманға арнаған.



**84(7Амер-Қаз)**

**Х37**


**Хемингуэй Эрнест.**

**Қызығы мол сол жылдар.**

*Хикаяттар. / Орыс тілінен  
аударғандар Н. Әбуталиев,  
Н.Ғабдуллин. Астана: Аударма, 2011. -  
344 бет.*

Эрнест Миллер Хемингуэй – америкалық жазушы, журналист. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1954 жылы жазылған «Шал мен теңіз» повесі үшін Нобель сыйлығының лауреаты атағын алды. Кітапқа Э. Хемингуэйдің "Қызығы мол сол жылдар", "Шал мен теңіз" атты хикаяттары мен көркем әңгімелері топтастырылған. Э.Хемингуэй «Қызығы мол сол жылдар» осы туындысында ХХ ғасырдың басындағы Париж тіршілігін, ондағы американдық жазушылар мен суретшілердің тағдырын, өз басынан кешірген оқиғаларды қызықты етіп суреттейді.





**84(4 Англ-Қаз)**

**У12**

**Уайльд Оскар.**

**Дориан Грейдің портреті. Роман.**

//Ағылшын тілінен аударған Г.

Түсіпова. Астана: Аударма, 2011. -

344 бет

Оскар Фингал О'Флаэрти Уиллс Уайльд – ирландиядан шыққан ағылшын жазушысы, ақын, эссеист, публицист, Викториандық дәуірдегі ең атақты философ, драматург. Оскар Уайльдтың классика әлеміндегі ең сәтті шыққан шығармасы «Дориан Грейдің портреті» романынан кейін үлкен жетістіктерге жете бастады. Уайльдтың атақты шығармасында сұлулық пен ойлылықтың айқасы суреттеледі. Парасат шеңберінен артық бағаланған сұлулықтың үстем құруы бейкүнә бозбаланың өмірін теріс арнаға өзгертеді. Роман Бэзил атты суретшінің ең ағалы туындысы — көркіне көз тоймайтын сұлу да сымбатты, жаңа нәрестедей күнәдан пәк, бейкүнә бозбала Дорианның портреті тұрғысынан өрбиді.



**84.4Вл**

**Б 20**

**Байрон, Дж.**

Чайльд Гарольдтың сапары.


Қабыл. Теңіз көкжалы.

Өлеңдер : дастандар, өлеңдер

/ Дж. Байрон. - Астана :

Аударма, 2005. - 551 с.

**Байрон, Джордж Ноэл Гордон** - ағылшын ақыны, романтизм бағытының көрнекті өкілі, 6-шы барон Байрон, лорд. ХІХ ғасырдағы еуропа әдебиетінің көрнекті өкілі. Оның шығармаларының көпшілігі соғысқа, басқыншылыққа, үстемдікке, әділетсіздікке қарсы бағытталған. Байрон Таяу Шығыс елдеріне, өзінің алғашқы саяхатына аттанды. Бұл саяхаты барысында ол өзінің «Чайльд Гарольдтың сапары» поэмасын жазады. Поэма ақынға үлкен атақ әкеледі. Ақынның өзіндік шығармашылық ерекшелігі, қайталанбас көркемдік әдістерінің толық көрінуі, оның 1812 жылы жарыққа шыққан «Чайльд Гарольдтың сапары» дастанымен байланысты.



**83.3 (5Каз)**

**Т -93**

**Тілепов Ж.** XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті : оқулық/ Ж. Тілепов; ҚР білім және ғылым министрлігі. – Алматы, 2015. - 388 б.

Қазақ халқының XIV ғасырдан XX ғасыр басына дейінгі әдебиет тарихы уақыт жағынан алып қарағанда алты жарым ғасырды қамтиды. Бұл еңбек - XIII-XIX ғасыр перзенті Сыпырадан бастап Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз (Шөлгез), Доспамбет, Марғасқа, Жиёмбет, Бұқар, Үмбетей, Ақтамберді, Көтеш, Шал, Абыл, Есет, Махамбет, Сүйінбай, Мұсабай, Қашаған, Мұрат, Жамбыл, т.б. қазақтың жыраулық мектебінің ілгері- кейінгі өкілдерінің үлгісін көрген, өздері сол мектепті әр кездерде аяғынан тұрғызған жыр дүлдүлдерінен Ыбырай, Абай және оған жалғас өмір кешкен Ығылман, Байбатырларға келіп ұласатын жазба әдебиет өкілдерінің шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан пайымдауды мақсат етеді.





**ҚҰРМЕТТІ  
ОҚЫРМАНДАР!  
БҰЛ ОҚУЛЫҚТАРДЫ  
БІЗДІҢ  
КІТАПХАНАНЫҢ  
ӘДЕБИ  
АБОНЕМЕНТТІНЕН  
АЛУҒА БОЛАДЫ.**



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!**

Қызмет көрсету бөлімі:  
Қуанышбекова Еркежан Азимхановна